

АРШАЛЫ АЙНАСЫ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

✓ Жасыл орақ - 2015

ЖАСТАР ЖҰМЫЛА ЖҰМЫС ЖАСАУДА



Жер қойнауында еңбек етіп, нәпақасын тауып жүрген егінішілер үшін биылғы жыл жайлы болайын деп тұр. Көктемгі жаңбыр жерді жақсы ылғалдандырып, егілген шөп те, көп жылдық шөп те бойлай өсіп, көздің жауын алуда. Әрине осы пісіп, оруы келіп тұрған шабындықтың уақыттарын қалт еткізбей қызу жұмысқа кірісіп кеткен шаруалардың жағдайы аудан басшылығының бақылауында тұрғаны белгілі.



Ауданымыздың ұстанымындағы негізгі сала егіндік алқабы болғандықтан да экономикамызға басты үлес қосатын бұл іске әрбір ауыл тұрғыны, шаруа қожалықтары, серіктестік директорлары жандарын салып, білектерін сыбана кірісуде. Олардың бірі Түрген ауылдық округіндегі «Агро фирма «Поиск» ЖШС шабындығындағы жағдайға тоқталуды жөн көрдік. Бұл аудандағы алдыңғы қатарлы, жан-жақты шаруасына мығым серіктестіктің бірі. Биылғы жылы ескі деген «Нива» техникасы «Енисей» жаңа техникасымен ауыстырылған. Оны өздерінің машина – тракторлық шеберханасында жөндеп шығарды. Кең ауқымды «Бердянка» орағы жайқалған шөпті де астықты да бірдей, бір деңгейде орады. Ағымдағы жылдың 16 шілдесінің өзінде серіктестік 1.100 тонна шөпті орып, жинап алған еді. Алайда жұмыс жалғасын табуда. Біздің тілшілердің егіндік басына барғанында бір жер телімінде механизаторлар шөпті шауып, жинау жұмысын аяқтап қалған

екен. Жинаушылар Евгений Суховей мен Сергей Деревянко грейферлік салушылар Илья мен Александр Медведевтердің көмегімен тиянақты жинақтап, шөп жинау орнына тасуда. Андрей Деревянко мен Сергей Сушицкий алты метрлік орақты «Енисей» құлағында шеберліктерін танытып, шөп орауда алдарына жан салмауда. Юрий Волков және Николай Самойлов МТЗ тракторында «Бердянка» орағымен шабындықта еркін көсілуде. Қазіргі таңда біздің механизаторлардың қажеттілігін қамтамасыз еттік, енді қалған тұрғындар үшін шөп жинау жалғасуда, - дейді бригадир Валерий Майер. Біздің механик Сергей Липин, дәнекерші Николай Пыхтеев, техника білгірі, жөндеуші Анатолий Молодых, есепшілер Серік Бурумбаев пен Владислав Волковтың жұмыстағы жауаптылықтарына, ептіліктеріне ризамыз. Серік Қалиұлы құрметті демалысқа шығатындықтан Владиславқа тәлімгер болып, өз ісін мұқият үйретуде. Валерий Майер әке

жолын қуып, жер қойнауында жұмыс жасауды таңдады. Бригадамызда жұмыс жасап жатқандар қазір жастар. Ұжым тату, барлығының да бір ұстанымы ауа – райының жағдайына орай шығын келтірмей шөпті де уақытында сапалы және нәтижелі жинау, астықты да елдің ризығына барынша төкпей-шашпай орып алу.

Биыл шөптің шығуы жақсы, шүйгін болғандықтан да екі жылдық қор жинауға аудан болып белсене кірісудеміз. «Ижев» ӨК, «Николаевка» ЖШС және «Михайловка» ЖШС қазіргі таңда алдыңғы шепте жақсы көрсеткішпен келе жатқандығы қуантады. Біздің жақта қыс қатты болатындығы белгілі. Ал табиғаттың биылғы бұл сыйын жақсылап жинап, дұрыс сақтау ауданымыздың экономикалық тұрақтылығының кепілі, - дейді аудан әкімі Ж.Ж.Нұрқенов.

М. АХМЕТҚЫЗЫ.
Суретте: бас агроном Т. Карманов, механизатор А. Молодых. Суретке түсірген. Р. Самков.

✓ 2-ші тамыз – транспорт қызметкерлерінің күні

МИЛЛИОН ЖАНДАРДЫҢ ЖОЛДАРЫ ТОҒЫСҚАН

Қазіргі таңда теміржол транспортының өмір ағымын елестету де мүмкін емес. Бұл ең қол жетімді, қауіпсіз жол жүру бағыттарының тоғысқан торабы. Қазақстанда 111 жыл бұрын алғашқы теміржол магистралы салынған еді. Ал қазіргі уақытта біздің еліміз теміржол саласында қуатты болып отыр. Біздің редакция қызметкерлері Анар стансасына барып, бастығы Ахтай Ерғалиұлы Бугеновқа жолыққан еді. Көкейдегі сауалдарға ол:

Анар стансасы 2 – классқа жатады, екі бағытты қамтиды. Қарағанды және қыркышшы. Вагондарды тазалап, жуу, жүктерді түсіру, жүктеу жұмыстарын атқарамыз. Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты поездардың қозғалысының қауіпсіздігін

қамтамасыз ету, тасымалданып жатқан жүктің дұрыс сақталынып, сапалы жеткізуін және жолаушылардың діндеген орындарына аман – есен жетуін жүзеге асыру. Бірінші орынға қашан да теміржол транспорты саласындағы жұмысшыларымыздың қауіпсіздігі мен денсаулықтары тұрады. Қай ұжым болмасын адамдарының сапалы жұмысымен мәртебеге ие болатындығы белгілі. Адам ресурсы мен еңбектік кадр басты мәселе. Өз ұжымым өте тату, белсенді. 18 адам еңбек етіп жатыр. Олардың 11-і әйелдер. Әрбір



жұмысшыға қойылатын талап та үлкен, жауапкершілік та көп, алайда жұмысшылардың өздері де өз істеріне өте тиянақты. Біздің жұмысымызда қателесуге болмайды. Сондықтан да біліктілік пен жауаптылық – ұстанымымыз.

(Соңы 2 бетте)



№32 (459)
31 ШІЛДЕ,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

Құрметті аршалылық жастар және қонақтар! 4-ші тамызда сағат 20:00-де орталық алаңда Ақмола облысының ақпараттық - насихаттау тобының жастарының қатысуымен **open-air, би кеші** өтеді. Бағдарламада: концерт, аудан белсенділерін марапаттау. Аудан жастары келіңдер, қатысыңдар.

Аршалы ауданының жастар ресурстық орталығы.

Аудан тынысы

Біздің жаңа Астанамыздың құрылысы басталғанда жан-жағы тек қана жазық болған еді. Жас астана бой көтере бастағаннан – ақ жан – жағына жасыл желекпен жасап жатқандар қазір жастар. Ұжым тату, барлығының да бір ұстанымы ауа – райының жағдайына орай шығын келтірмей шөпті де уақытында сапалы және нәтижелі жинау, астықты да елдің ризығына барынша төкпей-шашпай орып алу.

БАРЛЫҚ ШАРУА – МЕРЗІМІНДЕ



Осы тұрғыда елбасы Н.Ә. Назарбаев осындай ауқымды жобаға шешім қабылдады. Жоба бойынша Астананың маңайына жасыл желек отырғызуда, автомагистралдың бойын да көгалдандыруда Аршалы, Шортанды және Целиноград аудандары енетіндігі белгілі. Елбасының Астананың маңайында көгалдандырылу белдігін жасау жөніндегі тапсырмасы жүзеге қарқынды асып келе жатқандығын әрбір адам байқаған болар. Әдемілік қашан да көздің қуанышы емес пе. Бірақ бұл жерде бірқатар мәселелер де орын алуда. Мемлекеттік қажеттілікке әртүрлі формадағы шаруашылықтың жеке меншігіне тиесілі жерді алу, сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі банктердің кепілдігінде және тұтқынында тұрған жер телімдері бойынша.

Осы мақсатта аудандық әкімдік мәжіліс залында кепілдік жерлерді бос жерлерге ауыстыру бойынша кеңес өткізілді.

Бұл кеңесті облыс әкімінің

орынбасары К.М.Отаров ашып, жүргізді. Ауылшаруашылық Министрлігінің вице-министрі Е.Н.Нысанбаева сөз берді. Ол сөзінде Елбасының көгалдандыру бойынша беріп отырған тапсырмасын толық орындап, жер телімдерінің ахуалын шешіп, кешендік жұмыстарды жалғастырып, нәтижелі аяқтауларына ұсыныстарын жеткізді.

Кеңесте сонымен қатар ҚР АШМ орман шаруашылығы және жануарлар әлемі Комитетінің төрағасының м.а. К.Ж.Өстеміров, «Жасыл Аймақ» РМК бас директорының орынбасары А.Н.Рахимжанов, Аршалы ауданының әкімі Ж.Ж.Нұрқенов, «Ижев» ӨК бас директоры И.Д.Жанғоразов өз ойларын ортаға салды. Кеңестің қорытындысын К.М.Отаровтың өзі жасады.

П. КЕЦЛЕ.
Аударған: М. АЖЫҚАНОВА
Суретте: кеңестен үзінді
Суретке түсірген. Р. САМКОВ.



ҚҰРМЕТТІ АРШАЛЫЛЫҚТАР!

«Аршалы кенті әкім аппараты» ММ Аршалы кентінің тұрғындарына ескертеді, жаңа су құбырларын қосу барысында ескі су құбырлары толық тоқтатылады.

Сұрақтарыңыз болса мына телефон арқылы хабарласыңыздар: Аршалы кенті әкім аппаратының қабылдау бөлмесі - 2-15-64 және кент әкімі Шалов Қайрат Мұхаметұлы - 87026198424.

«Аршалы кенті әкім аппараты» ММ

Көпшілік назарына

Ашылғанына бір жыл толып отырған Астанадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясымен және тікелей қолдауымен іске асқан жоба. Ұлттық музейдің жалпы көлемі 74 мың шаршы метр аумақты алып жатыр. Ол архитектуралық сәулеті жөнінен әлемнің үздік 10 музейінің қатарына енеді. Қазір мұндағы жиналған жәдігерлер саны 200 мыңға жуықтады. Ұлттық музей қордағы жәдігерлерді келушілерге ұсынумен ғана шектеліп отырған жоқ. Музей болашақта бүкіл халыққа рухани азық беретін ірі орталық болып қалыптасуды мақсат етіп отыр. Қазіргі таңда осы мақсат жолында аянбай жұмыс атқарып жатқандары да рас. Мәселен бір ғана мысал, 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай Ұлттық музей ұйымдастырған «Музейдегі түн» акциясына айналасы 4-5 сағаттың шамасында 23 мың адам келген болатын. Сонымен қатар музейде халықаралық және отандық деңгейдегі ғылыми конференциялар, дөңгелек үстел, акциялар жиі ұйымдастырылады.

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ ОРНЫ МУЗЕЙДЕ

Сондай ірі іс-шаралардың бірі «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы. Акция 2015 жылдың наурыз айында басталған. Ашылу салтанатына Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған лауазымды тұлғалармен бірге ұлт зиялылары қатысқан. Акцияның басты мақсаты ұлтымыздың ұлы тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына байланысты құнды жәдігерлерді музей қорына қабылдау. Акция қазіргі уақытқа дейін Астана және Алматы қалаларында ұйымдастырылды. Нәтижесінде 700-ге жуық құнды жәдігер Ұлттық музейдің экспонаттар қатарына қосылды. Ол жәдігерлердің арасында Кенен Әзірбаев, Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжімеденов, Ілияс Жансүгіров, Жұмабек Тәшенов, Қасым Қайсенов тағы да басқа ұлтымыздың біртуар ұл-қыздарының өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлер бар. Бір ескере кететін мәселе, Ұлттық музей жәдігерлерді қабылдау барысында ол дүниенің ұлт тарихында қаншалықты маңызы бар екендігіне ерекше мән береді. Осы іс-шара жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директоры Дархан Мыңбай былай дейді: «Жұрттың сандығы мен шкафында, шатыры мен жертөлесінде әлі ашылмаған, ғылыми айналымға түспеген небір құнды жәдігерлер тұр. Оны «бабамның бабасының көзі» деп, ешкімге айтпай, көрсетпей ұстау арқылы сақтаймыз деп ойлайды. Ал шындығында, бетін аулақ қылсын, оның оттан-судан сақтандырылмағаны былай тұрсын, кез-келген зат биологиялық өзгерістердің салдарынан жылдан-жылға жойыла береді. Жәдігердің бүтін қалпын тек бірнеше ұрпағы ғана көруі мүмкін. Кәдімгідей жылмен есептенгенде, 50-70 жылда жеке азаматтың қолындағы бұйым, зат жойылып отырады. Әркім өз отбасындағы қадірлі бұйым туралы ойланıp көрсінші, соның көбі жоғалған, жойылған немесе қолды болған. Сондықтан «кез-келген мұра музейде сақталыну керек» деген елдік ұстанымды жалпыхалықтық парыз санаудың уақыты туды деп санаймын».

Ұлттық музей бұл шараны еліміздің барлық өңірлерінде ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Елге еңбегі сіңген тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына қатысты жәдігерлер сіздің үйіңізде де сақталып келген болуы мүмкін. Немесе ата-бабаңыздан бері көненің көзі ретінде мұраға қалған құнды дүние болса, оны ұлт тарихының бір бөлшегі ретінде түсініп, Ұлттық музейге сыйға тартуыңызға болады. Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы өз ұлтының тарихы мен

мәдениетіне жанашырлықпен қараса, ол елдігіміздің нығая түсуіне кепіл болар игі істің бастамасы. Тарихымызды түгендеп, мұрамызды жинауға атсалысайық ағайын!

Төменде Алматы қаласында өткен Ұлттық музейге сый тарту акциясының салтанатты шарасы кезіндегі, танымал тұлғалардың ұрпақтары жеткізген ақжарма тілектерінен беріп отырмыз.

Зайда Бекхожина, көрнекті ақын, халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қалижан Бекхожиннің жары: – Ұлттық музейге 1973 жылы Қалекеннің 60 жасқа толған мерейтойында қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері, әйгілі жазушы Сәбит Мұқанов пен Мәриям апай сыйлаған самаурынды, академик Әлкей Марғұлан мен аяулы жары, Қаныш Сәтбаевтың қарындасы Раушан апай екеуі естелікке тарту еткен гүл салатын құмыраны және өмірлік жолдасымның «Мерседес» деген жазу машинкасын сыйға тарттық. Ганибетті ғұмырын халқына қалтқысыз қызмет қылуға арнаған, қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған жазушының пайдаланған жеке заттары, ешқашан ескірмейтін еңбектерін басқан жазу машинкасы тарихи жәдігер ретінде ұлтымыздың баға жетпес құндылығына айналатынына қуаныштымыз.

Әзел Жәнібек, мемлекет қайраткері, этнограф, та-рих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің немересі:

– Қазақтың кемеңгер жазушысы Шерхан Мұртаза: «Өзбекәлі Жәнібеков бүкіл саны өмірінде қазақ халқының цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті» деген болатын. Өмірде адамгершілігі асқақ адам болған атамыз аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым, Қазақстанда музей құру ісінің талантты ұйымдастырушысы еді. Әулетіміздің биік бүйтерегі болған атамыздың тұтыған жеке заттарын, көзіміздің қарашығындай сақтаған 80-ге жуық фотосуретін, қаламын, қолжазбасын және қайшысын ҚР Ұлттық музейіне табыстадық. Ардақ тұтқан атамыздың көзі тірісінде қолданған заттары мұражайда сақталатыны – әулетіміз үшін үлкен қуаныш әрі мақтаныш.

Құрметті оқырман, «Ұлттық музейге сый тарту» республикалық акциясына қатысып, ұлтымыз үшін маңызды шараға атсалысам десеңіз, Ұлттық музей қызметкерлеріне хабарласуларыңызға болады. Тел: 8(7172) 91-90-35. (ішкі 335, 400). Мекен-жайы: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 54.

Сенің азаматшаң, Қазақстан!

ЕСЕПШІЛІК – ШЕБЕРЛІК

Қазіргі таңда барлығы да заманауи компьютерлік тұрғыда атқарылып жатыр десек те, адамның еңбегінсіз ешнәрсенің де шешімі табылмайды. Ең маңыздысы есеп – қисапсыз бірде – бір жұмысымыздың шешімі шығарылмайтындығы. Осы тұста есепшілердің, бухгалтерлердің жұмысы нағыз жұмыс өзегі, жауаптылығы басым, қауіптілігі мол десем қателеспегенім. Ал осы орайда ауданның бюджетінің 80 пайызынан көп қаржысын іс жүзіне жұмылдыратын аудандық білім бөлімінің есепшілері десек онда осы есептің қыруар қисынын талдап, саралай білу қаншалықты ептілікті, біліктілікті қажет ететінін ойлай беріңіз. Сөзімізге арқау болып отырған Жүнісова Рахима Қартайқызы. Аршалы ауданының білім бөліміндегі жетекшілік бөлімінде бас есепшілік қызметін абыроймен атқарып, құрметті зейнекерлікке шыққан жан. Рахима Қартайқызы бала кезінде ұстаз болуды армандаған екен. Алайда тағдыр өзінің заңдылығын алға тартып, Целиноград ауылшаруашылық институтының экономика факультетіне оқуға түскен. Бухгалтерлік есеп. Міне, осы өмірлік жолдамасына айналған. Бірақ, Жүнісова Рахиманың арманы орындалды. Білім бөліміндегі 16 жылда, ал жалпы 36 жылдық еңбек



өтілінде қаншама жас мамандарға тәлімгер, бағыт беруші, үйретуші болып келеді. Қаншама жас маман үшін Рахима Қартайқызының есепшілік шеберлігі өмірлеріне үлкен сабақ, бағыт болғаны белгілі. Олар қазіргі таңда Астана қаласында, ауданымыздың әртүрлі ұйымдарында есепшілік қызметтерін атқарып жүр. Рахима Жүнісованың зейнеткерге шығуымен жұмысы тоқталып қалмады. Өз жұмысының майталман шеберіне айналған Рахимадан кесте мен сандар топтамасының тұзу жолы қалай боларын сұрап,

еңбектерін жандырып жатқан жастар көп. Еңбегінің жемісін көріп, зейнекерлік шырынын ішіп, жолдасы Нұрболат Тасболатұлымен екі ұл, бір қыздың және екі немеренің қызығын қызықтап, өмірдің қуанышты сәттерін өткізе берсін демекпіз. Ал отбасылық өтлі 32 жылдық құраған Рахиманың жақсы жар, жақсы келін болғаны анық, енді мейірімді ене, аяулы әже болып, жан – жағына нұр шашар шуақты күндері мазмұнды болсын.

М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.
Суретке түсірген: Р. Самков.

Өмірлік қағида

ТАМАҚТАН УЛАНУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Құрметті тұтынушылар, сондай-ақ қоғамдық тамақ беру нысандарының жұмыскерлері халық арасында ішек жұқпаларымен сырқаттанушылық пен тамақтан уланулар көбейе түсетін жаз маусымы екенін білеміз.

Тамақ адам организміне көптеген тағам бөлшектерімен пайдалы болып қана қоймай, неше түрлі микробтармен және бактериялармен зиян тигізуі де (тіпті қауіпті болуы) әбден мүмкін.

Олар тамаққа түрлі жолдармен енеді: ас әзірлеуге пайдаланылатын судың ластануынан, осы азық-түліктерді өндіру барысында санитарлық ережелердің сақталмауынан, азық-түліктерді шыбын-шіркей ластануынан. Жұмыртқалар сальмонеллезбен жаппай сырқаттанушылыққа себеп болуы ықтимал. Бұдан сақтану үшін оларды шикі пайдаланбай, міндетті түрде қайнату керек.

Алайда, тамақтан уланудың бәрінен де маңызды факторы қарапайым жекебас гигиенасын сақтамау болып табылады. Міне, осы себепті де бұл аурулардың көбісін «кір қол аурулары» деп атайды. Қолды тамақтанар, ас әзірлер алдын, әжетханадан кейін мұқият жуу керек.

Екінші ереже – өзіңіз тұтынатын көкөністер мен жеміс-жидектерді қайнатылған сумен міндетті

түрде мұқият жуу. Әсіресе, жерде өсетін көкөністерді (қияр, қызанақ, жербүлдірген және басқасы).

Жерде жүздеген ауру туындатқыш микроорганизмдер «тығылып жатады». Олар көкөністер мен жеміс-жидектерге оңай түседі де, оларды жұмай тұтығаннан асқазан-ішек жолына жетеді.

Үшінші ереже – асуиді барынша таза ұстау. Желінбей қалған тамақ, жуылмай қалған лас ыдыс-аяқ, сүртілмеген шайтақтай көптеген микробтар үшін «қызмет ететін ая» болып табылады, олар осы жағдайларда «еркіндікпен» қарқынды түрде өсіп, кейін ересектер мен балалардың асқорыту жолында өсуін әрі-қарай жалғастыруы мүмкін.

Көрсетілген ақыл-кеңестерді орындай отырып, Сіз өзіңізді, отбасыңыз бен туыстарыңызды, сондай-ақ қоғамдық тамақ беру орындарына келушілерді кез-келген тамақтан уланулар мен ішек жұқпаларынан сақтап қала аласыз.

Өкінішке орай, адамдар ас қабылдағанда және дайындағанда қауіпсіздік ережелерін сақтамайтын жағдайлар болып жатады. Сондай кезде тамақтан уланулар болады. Бұлай болмауы үшін мына қарапайым ережелерді сақтаған жөн:

- тамақ ішер және дайындар алдын қолыңызды үнемі жуып отырыңыз;

- көкөністер мен жеміс-жидектерді мұқият жуыңыз;
- қайнатылған, бөтелкелендірілген немесе кепілдендірілген сападағы суды пайдаланыңыз;
- шикі жұмыртқа мен сүтті тұтынуудан тартыныңыз;
- жаңа піскен және дайын азық-түліктерді бөлу үшін түрлі пышақтар мен бөлу тактайларын пайдаланыңыз;
- тез бүлінетін және дайындалып қойған тамақтарды тоназытқышта сақтаңыз;
- шикі азық-түлік пен дайын тамақты бір-бірінен бөлек сақтаңыз;
- саңырауқұлақтарды аса сақтықпен тұтыныңыз;
- жасылданып кеткен картопты жемеңіз, ал өскіні шыққанын жақсылап тазаланыңыз;
- кездейсоқ адамдардан тамақ өнімдерін сатып алмаңыз;
- тамақты шыбындардан қалқалап қойыңыз;
- азық-түліктерді, әсіресе етті, күс етін, жұмыртқаны және теңіз өнімдерін мұқият қуырыңыз немесе қайнатыңыз.

Есте сақтаңыз! Осы қарапайым ережелерді сақтау арқылы Сіз өзіңіздің және балаларыңыздың денсаулығын сақтап қаласыз!

А. ШАРИПОВА,
Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы.

(Соңы. Басы 1 бетте)

МИЛЛИОН ЖАНДАРДЫҢ ЖОЛДАРЫ ТОҒЫСҚАН

Ал жұмысшыларымыз туралы айтар болсам Гүлвира Байбосенованың қабылдап алу, өткізу қызметінде 10 жылдық өтілі бар. Ал жастар жағынан Әлия Ақмамбаева, Жанна Садвакасова, Мадина Крымкожина сынды жас мамандар епті, алғыр жақтарынан көзге түсуде. Олар құрметті демалысқа кеткен София Муратовна Нурманованы, Людмила Михайловна Жидкованың, Зоя Тайбулдинованың, Любовы Тимофеевна Гуляның, Татьяна Борисовна Конюшкинаның орнын ойсыратпады. Құрметті демалысқа кеткенмен олардың жас мамандарға үйретері де көрсетері де қашан да жалғасын табады. Менің өзім теміржолшылар отбасында дүниеге келдім. Менің балаларым да ізімді қуып, осы салада жұмыс атқарып жатыр. 30

жыл осы жүйеде еңбек етіп келемін, оның 13 жылы Анар стансасының бастығы қызметінде. Жұбайым Раушан Сафиолақызы Бугенова да осы салада қызметте он жеті жылдан астам уақыт жұмыс атқарып келеді. 4 бала өсіріп, тәрбиелеп отырмыз. Үшеуінің де біздің жолды жалғастырып отырғандарына ризамын. Бала кезімнен спортты, аңға шығуда жақсы көремін. Бірақ, қазіргі таңда уақытымның басым бөлігі жұмысымда өтеді. Қауыр тірлік. Анар стансасы әлі де дамида, кеңейеді деп ойлаймын. Жаңа вокзал салынды. Жанымызда жаңа диірмен, кеспе цехының құрылысы жүргізіліп жатыр, ауқымды болатыны белгілі. Кірпіш зауытының құрылысы да жоспарланып отыр. Жаңа жұмыс

орындарының ашылатындығы анық. Бізде де штаттық кестені ұлғайтуға мүмкіндік олатын болады. Жұмыс көбейеді ғой. Сөзімнің соңында барлық теміржол транспорты қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Отбасында бақыт, дендеріне саулық, табыс пен береке тілеймін, - деп сөзін аяқтады А.Бугенов. Біз де теміржолмен тағдырын тоғыстырған, отбасымен бірге қуана еңбек етіп жатқан бұл отбасымен қатар барлық осы сала қызметкерлеріне амандық пен шыдамдылық тілейміз.

П. КЕЦЛЕ.
Суретте: Анар стансасының бастығы А. БУГЕНОВ.
Суретке түсірген: Р. Самков.

ШІРКІН-АЙ! ЕРЕЙМЕН ҚАНЖЫҒАЛЫНЫҢ АҚ БИЕЛЕРІНІҢ АҚ СҮТІ

Жылқыны қазақ жануар деп атамай, қасиет тұтқан. Сондықтан қазақ қашаннан жылқылы ел болғаны белгілі. Ақ қашып қызыл құған жиырмасыншы ғасырдың басында бір-екі мың жылқы көп аталады екен. Этнографиялық деректер бойынша Арқаның қазағы көп жылқыдан XIX ғасырдың ортасында айрылған. Оған дейін Арқада Құдайменді төре, Азынабай мен Бапақ /Сүйіндік/, Сапақ /Қуандық/, Шабанбай /Бәсентіні/, Мұрат /Қанжығалы/ сияқты жиырма мың мөлшерінде жылқы айдаған байлар болғаны белгілі. Олардың қасында міндетті түрде рулы елдері болғаны анық. Бұлардан бұрын 90 мыңға жақын жылқының санын біз энеолит дәуірінің /б.з.д. ІУ-ІІІ мыңжылдықтар/ қонысы Ботайдан кездестіреміз. Бар-жоғы үш-төрт жүз жылдай өмір сүрген осы қоныстан жүздеген мың жылқы қанқасы тарихшылармен табылды /Алкей Марғұлан «Қазақ халқының жазу мәдениеті бойынша еңбектері». – Астана, Алтын кітап, 250-251 беттер.

Расында, ерттеп мінсең – көлік, сіңімді еті – тіл үйірер тағам, балдай қымызы – шипалы сусын және дертіне дәрі-дәрмек болады. Қазақ халқының бір ғасырлық тарихын басынан кешірген Жамбыл Жабаев ақын атамыз:

... Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.

Елімнің баяғыдай сүйген асы,
Шығаршы тағы нең бар кәрі қымыз, - деп жырлаған екен.

Әлі де есімде Аршалы ауданының мақтанышы болған Береке және Ақжар ауылдарындағы бала кезім. Сонда анам Амантай Баймұхамедқызы 1985 жылы қайтқан күніне дейін, жатқан жері жайлы болсын, міндетті түрде бір-екі сауынды бие ұстайтын. Сол кездегі саумал және қымыздың иістері мен дәмі ұмытылмақ емес. Қымыздың арнайы күбіде пісу әдістері ерекше еді, оны алдын ала қайынның түтінімен әзірлеп анам соншалықты ықыласпен өте жақсы жасайтын. Сондықтан, біздің үйдің қымызын көпшілік сөзсіз жоғары бағалап және мақтан ететін. Алланың жазуымен анам осы дүниеден аттанып кеткен соң, ойлап жүрмін, кезінде бала болдық: "Қап, сапалы сары қымыз даярлау ережелерін алып қалмадық" - деп. Расында өкінішке орай, қазір бала кезімдегі нағыз қазақ ауылдары да жоқ, олардың қымызы да жоқ болған сияқты...

Жылқының ерекшелік қасиетін зерттеу үшін, жуырда ғана Ерейментау ауданындағы Торғай ауылының тұрғыны Жанат Мұхтарұлы Ахметовтың үйінде қонақта болған

Жанаттың анасы – Орынбасар Қайырбек қызы /1938-2000жж/ дүниеге бес бала әкеліп, оларға жақсы тәрбие берген азаматша еді. Әлі де балалардың есінде сүйікті анасының қорадағы 2-3 биесінің қымызын сауып, пысықтап жүрген кездері. Осы ата-анасы арқасында Жанат балалық шақ кезден жылқыларға, әсіресе олардан сапалы қымыз даярлау іске үзбей араласып кеткені. Сонау бес жастан бастап, қазіргі кезде міне жарты ғасырдай астам жылдар қымызбен айналасып жүрген Жанаттың тәжірибесі, оның осы тағамға байланысты атадан сақталған ережелерді білгені көпшілік оқырмандарға қызықты болады деп есептеймін. Сондықтан Жәкемен болған әңгімемді үзінді кесінділерін жеткізейін...

Жанат 1977жылы Торғай ауылының оңжылдық мектебін бітірген соң ауылдың мал шаруашылықта қызметін бастады. Осында жұбайымен отбасы құрып, үш бала дүниеге әкеліп, сонау 1995 жылдан бастап өз шағын қожалығында қымыз даярлау іспен жергілікті танымалы болып жүр. Қазірде Жәкеннің өте сапалы сары қымызы жиырма жылдың ішінде Ерейментау ауданы, Астана, Степногорск, Қарағанды және Бурабай қалалары және тұрғындарымен қоса көптеген олардың тағам өнеркәсіпорындары мен тұтынушылар ауыздарына қасиетті биенің ақ сүтін тигізгенімен танымалы болды. Кей жылдары күніне аз болғаны он екі сауынды бие ұстап, олардан 150 литрден астам қымыз өз қолымен дайындаған.

Жәкеннің айтуы бойынша сары қымыздың: саумал, жабағы қымыз /

оның қышқылдығы аралас түтінмен пайдаланған күбі қымызымен салыстырғанда мүлде басқаша болады. Қымыз, күбі түтінімен ысталған соң оның ішіне арнайы кішкене ашыған қаймақпен жағылады. Бұл шара болашақ тағамға сапалы болуға сөзсіз әсерін тигізеді. Жәкеннің көп жылдар пайдаланып келе жатқан тәжірибесіне сүйенсек, күн ара кешкі уақытта күбі түбінде арнайы қалдырған екі литрліктен аспайтын қымыз қорына он литрден аспайтын саумал сүт қосылады екен. Оның байқауы бойынша, егер қор және оған қосылатын тәулік мерзімінде жиналған саумал сүт көлемдері көрсетілген мөлшерден басқаша /одан көп не болмаса аз/ болса қымыздың сапасы төмендейді, әсіресе оның қышқылдығы мүлде өзгереді екен. Тағы бір қымыз дайындау ережесі: саумал сүт күбідегі қорға еселеп құйылмайды. Қосқан кезде, оны асықпай және аздап құйып, көп пісіп тұру өте қажетті. Онсыз қымыз қоры дұрыс араласпайды. Сондықтан, егер осы шарт сақталмаса, сапалы қымыз жасау екі талай болады екен. Күні бойы суық орында жиналған саумал сүт кешкі қосылатын уақытта міндетті түрде жылыту керек. Осыдан кейін ғана сүт қордағы пайдалы бактериялармен жақсы араласып қымыз болады. Кешкі кезде күбіге жаңа қымыз құйылғанда оны ең азы кемінде

таяу. Е-, В-, В12-дәрумендерінің, ниациннің мөлшері саумалда сиыр сүтіне қарағанда көбірек. Микроэлементтер бойынша саумалда кобальттың, темір мен мыстың, бромның мөлшері жоғары. Ферменттер бойынша лизоцим мен амилаза /сәйкесінше, 64-126мг/л және 32-64 бірлікте/ және осы орайда ана сүтіне тән келетіндігі анықталған. Саумал немесе қымыздың ішектегі пайдалы микрофлораның түзілуіне, зиянды микрофлораның жойылуына, ас қорытуды жақсартуына ықпал ететіндігін білдіреді. Лизоцим түрлі дерт пен микробқа қарсы қорғанысты күшейтеді. Амилаза майды ыдыратуға септігін тигізеді.

Осыдан саумал мен қымыз асқазан-ішек жолдарының созылмалы гастрит, гастродуоденит, өт жолдары мен бауырдың созылмалы холецистит, ішек ауруларына жақсы емдік әсері бар. Сонымен қатар, қымыздың қандағы холестерин деңгейін азайтуға ықпал етуіне байланысты атеросклероз, миокард инфаркт, инсульт секілді жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының алдын алуға маңызы зор. Біле-білсеңіз, бие сүтінің қасиеті – оның табиғаттағы ешбір сүтке ұқсамайтындығында. Оны қайнатуға келмейді, стерилизация, пастеризация жасауға болмайды. Ал басқа сүтті міндетті түрде қайнату керек, пастеризациялау қажет. Өйтпесеңіз бактерия



1500-2000 рет піссе, ертеңгілікте – үш-төрт мың рет пісу қажетті. Күндіз – күбідегі қымыз сапалы болу үшін оны жиі пісіп және қонақтарға ұсыну алдында пісіп бергені өте жақсы болатыны сөзсіз. Дайындалған қымыз 3-4 күн салқын жерде сақталады, ішетін кезде тым суық болмауы керек.

Осы жерде көпшілік оқырмандарға қымыздың құрамында не бар екенін, басқа тағамдардан қандай айырмашылық бар екенін атап кеткенді жөн көрдім. Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де адамның бойына жақсы сіңеді. Қазақ тағамтану Академиясының президенті, академик Төрегелді Шармановтың «Егеменді Қазақстан» газеті, 2014 жылғы 2 қазан, 11 бетте/ айтуы бойынша қымыз туралы зерттеулерге тоқталар болсақ, алдымен, бие сүті – саумалдың ауқыз, май, көмірсу секілді негізгі үш коректік заттан тұрады. Құрамы бие сүтінде 1,7 пайыз, ана сүтінде 3,5 пайыз. Оны емшектегі сәбилерге ана сүтін алмастырушы немесе балалар тағамы ретінде қолдануға болады. Саумалдың құрамындағы лактоза сиыр сүтіндегі қантқа қарағанда жеңіл ыдырайтындығы белгілі. Бұл оның сіңімділігін арттырып, ұйқыбезіне салмақ түсірмейді. Ол қант диабеті ауруына жарамдылығын айқындайды. Қымыздың бактерияларға қарсы сипаты дизентерия, іш сүзегі секілді ішек сырқаттарына қатысы бары айқындалған. А-дәруменінің саумалдағы мөлшері кейбір деректерге сүйенсек, сиыр сүтіне қарағанда екі есе көп /сәйкесінше, 0,6 және 0,3/. Басқа дәрумендер бойынша да саумалдың құрамы ана сүтіне

өсіп кетеді де, пайдалануға жарамай қалады. Бие сүтінің ерекшелігі өзгеше, оны қайнатсаң бұзылады, ал шикілей сақтасаң қайта қасиеті арта түседі. Тұра-тұра қымызға айналғанда тіпті күшейіп кетеді. Неге десеніз, жылқы сүтінің құрамында ешбір тағамға ұқсамайтын қасиеті бар. Оның белогының өзі бөлек. Бие сүтінің белогы тек ана сүтінің белогымен бірдей. Сондай-ақ, бие сүтінде басқа ешбір сүтте кездеспейтін табиғи антибиотик бар. Ол тұрған сайын бұзылмайды, емдік қасиетінен айырылмайды.

Жылқышының айтуы бойынша бие құлындаған соң ең азы 15-30 күннен кейін ғана сауынды болғаны дұрыс. Жылдым бие келесі жылы екінші рет құлындағанша сауынды болу мүмкін, егер оның күн ара күтімі және алдындағы жем-шөбі сапалы тоқ-молшылықта болса. Өскен сайын дүниеге жаңа келген құлын /15 күннен кейін/ аздап жұмсақ шөп және сүтке қосылған үгілген жем жеуге тез арада үйренеді екен.

Жұлынды биеге сауын мерзімінде назар аударған өте қажетті. Мысалы, бірінші-екінші айында уақыты ең көп 45 минуттан аспау керек, үшінші ай – 75 минут, төртінші – 2 сағат, бесінші-алтыншы ай – үш сағат, соңғы айлар 4-5 сағат мерзімінде сауып тұруға болады. Сонда бір мезгілде бие 0,9-1,0 литр саумал сүт береді. Сирек кездесетін жақсы сауынды биелер бір мезгілде үш литрдей сүт бере алады екен. Бастапқыда, бие сауатын уақытты асырмағаны өте дұрыс болады екен. Биенің емшек бітімі: биен емшек, өр емшек, қоян құлақ емшек болады. Сауыншыға ең ыңғайлы биен емшек.

Қазақ ауылында келесі жылға

қымыздың қорын сақтаудың ерекше әдістері бар екен. Мысалы, биылғы бие сауу мерзімі аяқталуға он күн қалғанда күбіге арнайы қымыз қорын жинақтаушы: дәке (марля) жұрттысы, қақ кепкен қайын ағаш кесінділері және сүрленген жылқы жілік шаппақ сүйегі салынады. Сосын ол құрғақ орында сығылмай кептіріледі. Кепкен соң шынылы ыдыста келесі көктем мерзіміне дейін жақсы сақталады. Ең бірінші саумал сүт шыныдағы қор жинақталған ыдысқа құйылады да, бір күннен кейін пайдаланылады.

Бұның өзі қымыздың қасиеті мен бірге оның түрлерінің көп екенін аңғартады. Жалпы, жылқы малы төрт ай сауылады.

Сондықтан, қазақтар жыл маусымына қарай қымызды: уыз қымыз, жазғы қымыз, күзгі, қысқы қымыз деп атаған. Солардың негізгі түрлері мыналар: Уыз қымыз – бұл бие сүтінің уыз дәмі таралған кезде ашытылған қою қымыз; Сары қымыз – жаз ортасындағы, шөп әбден пісіп, буыны қатқан кездегі қымыз; Түнемел қымыз – мол қордың үстіне сүт қышқылы арнайы торсықта сақталып, екі тәулік сапырылған, пісуі жеткен қымыз; Құнан қымыз - үш тәулік бойы ашытылады; Бал қымыз – бал, қант секілді тәтті қосып жуасытқан қымыз; Дөнен қымыз – төрт тәулік ашытылады; Бесті қымыз – бес тәулік ашытқан қымыз; Асау қымыз – бесті қымыздан да күшті қымыз; Жуас қымыз – баяу ашыған немесе саумал қосқан қымыз; Қорабалы қымыз – мол қордың үстіне күн сайын сүт құя отырып, бірнеше күн жиналған қымыз; Сірге жияр қымыз – күзді күні бие ағытарда соңғы қымыз бірнеше күн жиналады.

Жоғарыда көрсетілген қымыз ережелерін еске алсақ, расында бір ауылдың қымыздарын жинап және сақтап күндер мерзіміне қарамастан - қоры күтіміне және т.б. әдістемелеріне байланысты айырмашылықтары өте көп болады екен. Сондықтан, сапалы қымыз жасау мүмкіншіліктер бие ұстайтын қазақ отбасында атадан балаға дәстүр ретінде сақталып келе жатқанына тәубе ету керек!

Қазір де көбінесе ауылдық жерде тұратын отбасылардың бірді-екілі ғана сауын бие ұстайды. Осыған байланысты, қымыз ондеу шаруашылығы былай тұрсын, бұрынғы өз отбасына тағам ретінде дайындау деген жоғалып барады емес пе!

Қайұлттың өкілі қандай патент алса да, өзгенің қымызы – ол қазақтың қымызындай болмайды! Біздің қымыз кең байтақ сарыарқа табиғи су, шөбімен және дайындау технологиясымен әрқашан да бөлекше. Сондықтан емес пе, Елбасының өзі қымызды қолға алындар деп тиісті министрлерге талай рет арнайы тапсырма беріп отыр.

Бірақ жабуылы қазан сол сәтінде әлі де тұрған сияқты. Жуырда Парламент Сенатының бір топ депутаттарының Премьер-Министрге елімізде «Шұбат пен қымыз туралы» арнайы заң әзірлеу қажеттігі туралы депутаттық сауал жіберіпті. «Ештен кеш жақсы» деген осы.

Еске алсақ, бұл мәселе кейінгі жиырма жылдың ішінде бұған дейін де қозғалып тұратын, тек соңы сиырқұйымшақталып кеткен еді. Өкінішке орай, басшылықта жүргендер қымызды ішеді де, мұрттымен қарнын сипап қойып, шипалы бұл сусынды дамыту керек – ақ деп, ойлаумен тоқталады. «Қазақстандық өнім» бағдарламасына орай қымызымыздың жыл он екі ай дүкен сөрелерінде сапалы, мол, әдемі ыдыста, таза ата-бабадан келе жатқан өнім екендігін айғақтап тұрса екен деген оймен қолыма қалам алған едім.

**ЕРЕКБОЛАТ КАБЫЛДА,
Береке ауылының тумасы.**



едім. Осы азамат бала кезінен жоғарғы аталған ата-бабалардан сақталған ұлттық дәстүр тағамы – сары қымыз даярлау ісімен айналысатынын естуші едім. Сондықтан, арнайы жақынырақ танысайын деп, келген едім Торғай ауылына. Менің кейіпкерім кезінде Ерейменнің Құншалған жерінде өмір сүрген Қанжығалы ішіндегі Төлеке Досқана руының Әбраман бай ұрпағы екен. Әкесі – Мұхтар Ахметов /1935-1976жж/ өткен кенестік дәуірінде гүрілдеп тұрған Торғай кеңшарының үш жүзден астам жылқы басы табынды баққан атақты жылқышысы еді, оның алдындағы атасы – Иман Салық колхоз кезінде қойшы болған.

оның дәмінің жуастығына байланысты/ тай, құнан, дөнен, бес түнемен асқан - асау қымыз түрлері болады екен. Қымыздың бас аспабы – күбі ыстауы шаралар сөзсіз тазалықпен пайдалану керекі бұзылмайтын шарт. Жәкен өз қожалығында арнайы және өте қолайлы оң және қырық литрлік ағаштан жасалған күбілер пайдаланады. Сапалы, дәмді, хош иісті қымыз болуы үшін оларды бірінші қайың түтініне, келесі кезекте тобылғы түтініне даярлайды. Содан кейін қайың мен тобылғы қосылған шыбықтар түтіне пысықтайды. Шебердің айтуы бойынша егер күбіні тек қана қайың түтініне даярлай берсе, қымыздың дәмі және



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 3 – 9 тамызға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

03 тамыз, Дүйсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 «Өңір өрнегі-Картина недели»
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Ақтуальная тема». Передача
10.35 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Өңір өрнегі-Картина недели»
11.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Ақтуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Пәрменді пікір»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 17 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Салауат». Хабар
19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Салауат». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Учитель». 18 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Мәлім де беймәлім Қазақстан». 5 бөлім
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 3 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

04 тамыз, Сейсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Өзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Салауат». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Салауат». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Өзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Салауат». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 18 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Ақтуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Қызмет жолында». Хабар
19.30 «Ақтуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Қызмет жолында». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Ақтуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 19 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Мәлім де беймәлім Қазақстан». 6 бөлім
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 4 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

05 тамыз, Сәрсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Ақтуальная тема». Передача
10.35 «Қызмет жолында». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»

11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Қызмет жолында». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Ақтуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Қызмет жолында». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 19 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Имею право». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Бизнес идея». Передача
19.30 «Имею право». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Бизнес идея». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Имею право». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 20 серия
23.15 «Телемаркет»
23.20 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 1 серия
23.50 «Телемаркет»
23.55 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 5 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

06 тамыз, Бейсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Имею право». Передача
10.35 «Бизнес идея». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Бизнес идея». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Имею право». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Бизнес идея». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 20 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Ақмола КЗ». Хабар
19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Ақмола КЗ». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 21 серия
23.15 «Телемаркет»
23.20 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 2 серия
23.50 «Телемаркет»
23.55 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 6 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

07 тамыз, Жұма

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Өзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Ақмола КЗ». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Ақмола КЗ». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Өзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Ақмола КЗ». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»

13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 21 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Ақтуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
19.30 «Ақтуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Ақтуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 22 серия
23.15 «Телемаркет»
23.20 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 3 серия
23.50 «Телемаркет»
23.55 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 7 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

08 тамыз, Сенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Спорт лайф». Хабар
9.55 «Салауат». Хабар
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Танымал». Передача
10.30 «Пәрменді пікір»
10.35 «Телемаркет»
10.40 «Спорт лайф». Хабар
10.50 «Дневник КАРАОКЕ»
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Телемаркет»
11.50 «Личные встречи». Передача
12.20 «Спорт лайф». Хабар
12.30 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
12.40 «Дневник КАРАОКЕ»
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Пәрменді пікір»
13.00 «Аймақ ақпарат»
13.40 «Спорт лайф». Хабар
13.50 «Салауат». Хабар
14.00 М/ф «Кэмм». 29, 30 бөлім
14.30 М/ф «Фархаттың айласы»
14.40 «Әлемі-ай». 19 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Телемаркет»
17.10 «Танымал». Передача
17.35 «Дневник КАРАОКЕ»
17.45 «Сөзге шешен». Хабар
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Спорт лайф». Хабар
18.20 «Салауат». Хабар
18.30 «Личные встречи». Передача
18.55 «Телемаркет»
19.00 «Сөзге шешен». Хабар
19.20 «Qalamtor». Хабар
19.30 «Спорт лайф». Хабар
19.40 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Дневник КАРАОКЕ»
21.15 «Qalamtor». Хабар
21.25 «Сөзге шешен». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Танымал». Передача
22.10 «Телемаркет»
22.15 Д/ф «Пустыни мира». 12 серия
22.45 Х/ф «Сокровища древнего мира»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

09 тамыз, Жексенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Сөзге шешен». Хабар
10.30 «Дневник КАРАОКЕ»
10.40 «Телемаркет»
10.45 «Qalamtor». Хабар
10.55 «Ақмола КЗ». Передача
11.05 «Личные встречи». Передача
11.35 «Дневник КАРАОКЕ»
11.45 «Qalamtor». Хабар
11.55 «Телемаркет»
12.00 «Сөзге шешен». Хабар
12.20 «Қызмет жолында». Хабар
12.30 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
12.40 «Qalamtor». Хабар
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Дневник КАРАОКЕ»
13.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
14.00 М/ф «Кэмм». 31, 32 бөлім
14.30 М/ф «Көксерек»
14.40 «Әлемі-ай». 20 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Қызмет жолында». Хабар
18.15 «Телемаркет»
18.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
19.00 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары». 1 бөлім
19.25 «Телемаркет»
19.30 «Сөзге шешен». Хабар
19.50 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
22.05 «Телемаркет»
22.10 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
22.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
23.00 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары». 2 бөлім
23.20 «Телемаркет»
23.25 К/ф «Алдар көсе»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Спорт

ИНТЕЛЕКТУАЛДАР МЕРЕКЕСІ

Аршалы кентінің Жастар орталығында Халықаралық шахмат күніне орай дәстүрлі ашық шахмат турнирі өтті. Бұл спорт түрі ғана мерекелік күнге ие. Біздің заманымызда адамдардың басым бөлігі компьютерлік ойындарға құмар болып жатқаны белгілі. Дегенмен, шахмат ойыны ауданымызда белсенді дамуда. Қатысып, қызығып, сайыстарда жүлделі орындарға шығып жатқан біліктілеріміз де көп. Бұл спорт түріне өз ісіне мығым, жан-жақты дамуға ұмтылған, көзқарастары кең, талай істе алдарына жан салмайтын ересектермен қатар мектеп қабырғасында да өзін жетілдіріп жатқаны қанама.



Әлем чемпионының бірі Анатолий Карпов: Шахмат – менің өмірім. Дегенмен менің өмірім тек қана шахмат емес, - деген екен. Тереңнен ойлана-тын сөздер.

Біздің талай аршалылықтар үшін де шахмат тек қана әуестену емес. Олар үшін бұл дайындық, қызық, сайыс, жетілдірілу, жеңу. Ой өрісін нықтау. Жуықтағы мерекелік шарада міне осы белсенділер қатысты. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, сайыстың бас судьясы П.Э.Кецде жиналғандарды құттықтады. Мерекенің маңыздылығын айтып өткен ол шахмат сүйер қауымға зор денсаулық, жаңа спорттық нәтижелерге жетулерін, қашан да шахмат хандығында болуларын тіледі.

Содан кейін ол маусым айында өткен Аршалы ауданының чемпионатындағы чемпиондары мен жүлдегерлерін марапаттады.

Ерлер арасында жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарында: 1 орын – Алексей Кецде (Аршалы кенті, спорт шеберіне үміткер), 2 орын – Нұржан Сабиров (1-ші разряд, Жібек жолы ауылы), 3 орын – Михаил Хван (1-ші разряд, Жібек жолы ауылы). Әйелдер командасында ең мықты шахматшы атағын Сәуле Сыздықова жеңіп алды (1-ші разряд, Жібек жолы ауылы). Екінші орынды Ирина Дилина (1-ші разряд, Аршалы ЖӨСМ), үшінші орын жүлдегері Ксения Ефимович (1-ші разряд, Аршалы ЖӨСМ). Барлығы да дене шынықтыру және спорт бөлімінің тарапынан медаль, грамота, ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ал шахмат клубына бұл бөлім сағаттарды сыйға тартты. Қатысушылар, ата-аналар бұл күні Аршалы кентіндегі балалар жасөспірім спорт мектебінің тәрбиеленушісі жас шахматшы Махаббат Дошанованы шахмат күніне дәл келетін туған күнімен құттықтап, сыйлық ұсынды. Содан кейін жылдам шахмат түрінен 1-ші турдың барысы анықталды. Ерлер мықты дегендерін швейцарлық жүйеде, әйелдер, 9 жасқа дейінгі және 11 жасқа дейінгі балалар дөңгелек бойынша жүйені анықтады.

Ең жас шахматшылар арасында 6 мүмкіндіктің 5,5 нәтижесімен жеңіске Ресей Федерациясының өкілі Алина Медведцкая (жаттықтырушы С. Яковлева, Ленинград облысы Кириши қаласы) жетті. Екінші орынға 6 мүмкіндіктің 4,5 нәтижесімен Дархан Серікпай (№3 Аршалы орта мектебі), ал үшінші орынға қол жеткізген Ерасыл Жұма (№3 Аршалы орта мектебі) 4 ұпаймен ойынды аяқтады. Осы жастағы Саша Муравкина, апалы – сіңлілі Наргиз бен Томирис Досчановалар, Ксюша Кооп тамаша ойын көрсетті, бірақ олардың жеңісі алда деп ойлаймын.

11 жасқа дейінгі санаттағылар үшін жеңімпаз анықталмады. 7 мүмкіндіктің 6 – сына қол жеткізген Ернұр Сұлтанбеков және Назым Серікпай (2013 жылғы облыстағы чемпионаттың күміс жүлдегері, 3 АОМ). Қосымша көрсеткіштері де екеуінің бірдей болды. Ал тай – брейк-



те жеңіске Ернұр жетіп, чемпион атанды. Үшінші орынды 6 мүмкіндіктегі 4 ұпаймен Махаббат Дошанова, Ботагөз Жұмабаева, Жангелді Атретхан бөлісті. А. Медведцкаядан өзге Аршалы балалар – жасөспірімдер спортының тәрбиеленушілеріне медаль, грамота, сыйлықтар табысталды.

Әйелдер турнирінде Сәуле Сыздықова (Жібек жолы ауылы, 1 – ші разряд) жеңімпаз атанды. Ауданның әйелдер құрама командасының көшбасшысы. 8 жыл бойы қатарынан облыстық спартакиадаларға қатысып жоғарғы көрсеткішті көрсетіп келе жатқан шахматшы қызымыз. Екінші орынды Ксения Ефимович (Аршалы БЖСМ, 2-ші разряд), үшінші орынды Юлия Коростелева (Аршалы БЖСМ, 2-ші разряд) иеленді.

Құрамы бойынша сан жағынан басым команда ерлер командасы болғандықтан швейцарлық жүйеде өткізілді.

Жеті мүмкіндіктің 6,5 нәтижесімен турнир жеңімпазы А. Кецде (Аршалы кенті) атанды. Екі қатысушы – Денис Сластенков (Аршалы кентінен) және Қанат Садықов (Жібек жолы ауылынан) 5 ұпайдан жинап, қосымша нәтиже бойынша – бухгалтер коэффициентімен екінші орын аудан орталығының шахматшысына бұйырды. Турнир регламентіне сәйкес ерлер турнирінде көп ұпай жинаған жан шахмат кешінен алады. Бұл жолы бұл сыйлыққа Эдуард Ефимович ие болды. Ал қалған барлық ойыншылар медальдармен, грамоталармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жеке кәсіпкер М. Хван – шахмат ардагері, Жібек жолы ауылының өкілі және «Аркада Индустри» ЖШС-демуші болды. Ең кішкентай шахматшыларға «Аршалы ауданының жастар ресурстық орталығы» ММ тарапынан медаль, грамота және сыйлықтар тарту етілді.

Мерекелік турнир аяқталды. Алайда аршалылық шахматшылар үшін алда талай сайыстар бар. Олардың ішінде «Ақ бидай» жазғы облыстық спартакиадасының жазғы финалы (Целиноград ауданында 13-15 тамыз аралығында), ерлер және әйелдер арасындағы Ақмола облысы бойынша шахмат чемпионаты (Щучинск қаласы 24-25 тамызда), «Жастар – 2016» мектептік облыстық спартакиадасы (демалыс кезінде қараша айында), Ақмола облысының қыздар, балалар арасындағы облыстық чемпионаты (8 жасқа дейін, 10 жасқа дейін, 12 жасқа дейін, 14 жасқа дейін, 16 жасқа дейін, 18 жасқа дейін) қараша айының соңы.

Біздің шахматшылар дәстүрлі жолды бұзбай қашан да жеңімпаздар арасында болатынына сенім артатымын.

П. КАИССА.

Суретте: турнир чемпиондары

9 жасқа дейінгі А. Медведцкая,

11 жасқа дейінгі Е. Сұлтанбек,

Назым, Дархан Серікпайлар, 11,

9 жасқа дейінгі санаттағы күміс

жүлдегерлер.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және / не-месе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: 8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	РЕДАКТОР М.А. АЖЫҚАНОВА.	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № 1 Индекс: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.
--	-----------------------------	--	---

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.